

*Б. С. ТЕЛЕМИСОВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАН ДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТАР ДЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ КА ФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ;
А.С. НОҒАЙБАЕВА, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАН ДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТАР ДЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ КА ФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ*

ТЕРГЕУЛІК ҚАТЕЛІКТЕР: ОЛАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Тергеулік және сот қателіктері көбінесе бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді, себебі олардың табиғаты ұқсас және көбінесе қылмыстық істі сотта қарау барысында тергеулік қателіктердің сот қателіктеріне ұласу жағдайлары пайда болады. Яғни, сотта алдын ала тергеу барысында орын алған қателіктер жіберіледі. Атап айтқанда, тергеулік қателіктерді сот қателіктерінің негізгі себебі ретінде санауға болады.

Біздің көзқарасымыз бойынша ең біріншіден, тергеулік қателіктер ретінде нені түсіну қажеттілігін анықтау қажет, өйткені әртүрлі авторлар бұл түсінікті әрқалай түсіндіреді. Мысалы, Р. Г. Зорин тергеулік қателікті «теріс нәтижелі сырттай көрінетін қалыптан тыс әрекет (әрекетсіздік)» деп санайды¹.

Г. А. Зорин тергеулік қателік ретінде тергеушінің ақпаратты қабылдап-түсіну барысында жасалатын әрекеттің қалыптан тыс нысанын таңдауы, сол ақпаратты өңдеуі, тергеулік жағдайды бағалауы мен шешімдер қабылдауы, қабылданған шешімдерді жүзеге асыруы салдарынан жоспарланған нәтижеге қол жеткізе алмауын түсінеді².

Кейбір ғалымдар тергеулік қателік ретінде «тергеушінің өз әрекеттерін заңды және қылмыстық сот ісін қамтамасыз етуге бағытталған деп қате түсінуі арқылы азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартуы және қамауға алуы, сондай-ақ, қылмыстық істердің өндірісін тоқтата тұру, қысқарту, айыптау қорытындысымен бірге әрі қарай сотқа жіберу үшін прокурорға жолдауы бойынша заңсыз және негізсіз әрекеттері» деп түсінеді³.

В. В. Конин тергеулік қателіктерді қарастыра отырып, «тергеулік қателік — бұл нәтижесінде қате нәтижелерге әкеп соқтыратын, қисындық қарама-қайшы емес болжамдарды құруға мүмкіндік беретін бастапқы пайымдауға негізделген нақты тергеу әрекетін өткізу тактикасын анықтау және жалпы алғанда тергеу жүргізу, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша қалыптасқан тергеулік жағдайды талдау негізінде тергеуші құрған ойша модельдеуден шығатын әрекет» деп пайымдайды⁴.

В. В. Конин тергеушілерде кездесетін құқықтық нигилизмнің пайда болу себептерін келесідей түсіндіруге тырысты, яғни: «Бізге көрінетіндей жағдайлар бірқатар себептерде, атап айтқанда тергеушілердің лауазымда қызмет өткеруінің белгілі бір уақытында қылмыстық істерді тергеудің негізгі алгоритмін меңгеруі бойынша пайда болады, алайда жалпы және құқықтық мәдениетті, өзіне сенімді болуы, өз кәсіби деңгейін (дәлелдеу техникасын нашар білуімен қатар) өте жоғары бағалаудың жетіспеушілігі тек қылмыстық сот ісіне қатысушыларын (жәбірленуші, адвокат-қорғаушы, айыпталушы және т.с.с.) менсінбеушілік қатынаста ғана емес, сонымен қатар, қылмыстық

және қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына да қатысты пайда болады. Осының нәтижесінде келесідей жағдай қалыптасады, яғни, тергеу Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де көзделген барлық талаптарды толық көлемде орындауға әлі күнге дейін дайын емес. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің әрекет етуінің бастапқы кезеңі үшін сипатталатын тергеулік қателіктер, бір қылмыстық істен екінші қылмыстық іске ауысып отыру арқылы, қазіргі таңда да кездесіп отыр».

Тергеушінің құқықтық нигилизмі міндетті түрде тергеулік қателіктер жіберуге және заңды тұжырым ретінде қылмыстық сот өндірісінің алдына қойылатын міндеттерге қол жеткізбеушілікке әкеп соқтырады. Айыптау тезисін ұсыну және дәлелдеу тұрғысындағы тергеушінің еңбегі сот отырысында айыптауды жүзеге асырушы мемлекеттік айыптаушының әрекетінің негізіне жатқызылатындығы анық. Бұл кезде біздің зерделенген мұрағаттық қылмыстық істерге талдау жүргізуіміз — алдын ала тергеу жүргізу барысында орын алған тергеулік қателіктердің басым көпшілігі қылмыстық іс жүргізу заңнамасы нормаларын дұрыс қолданбаушылықпен, сондай-ақ дәлелдемелерді сапасыз жинау, зерттеу, бағалау және қолданумен байланысты және осы қателіктердің негізіне нақты тергеушінің құқықтық нигилизмі жатқызылады деген қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда замануи құқық қорғау жүйесінің көкейкесті мәселелері келесідей байқалады, яғни: тергеушінің қылмыстық істерді тергеу барысында заң талаптарына және өз міндеттеріне нигилистік қатынасымен қалай күресуге болады?

Құқық қорғау органдарының қызметінде заңның, бір жақтан екінші жаққа өзгеріп отыруын болдырмастан, салтанат етуін қамтамасыз ету қажет.

Құқықтық нигилизммен күресудің бірден-бір әдісі болып, өз бетімен басқарушылық пен билік етушілік стилінің жолын кесу, ешқандай құқық менсінбеушіліксіз — тек заң және соның негізінде ғана барлық шешімдерді қабылдау табылады. Бәрінен бұрын, құқықтық процедураға сүйене отырып, құқықтық нормаларды жүзеге асыру механизмін модернизациялау қажет.

¹ Зорин Р. Г. Защита по уголовным делам о дорожно-транспортных происшествиях. — Минск: Амалфея, 2000. -100-6.

² Зорин Г. А. Теоретические основы криминалистики. — Минск: Амалфея, 2000. -285-6.

³ Характер, причины и способы устранения ошибок в стадии предварительного следствия. Методическое пособие. — М., 1991. — 7-8-66.

⁴ Конин В. В. Уголовно-процессуальная следственная ошибка // Актуальные проблемы права. Научно-метод. сборы. № 8. — 4 2. — Калининград, 2001. — 87-6.